

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт және өнер факультеті факультеті
«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы
6B01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық, 6B01404-Бастапқы әскери
дайындық мамандығы студенттерінің кезекті XXXII ғылыми-теориялық
конференциясының
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы

05.12.2024 жыл.

Қатысқандар: Кафедра меңгерушісі, аға оқытушы Б.Ахмедов факультет деканы А.Рахымжанов, профессор Е.Сейдахметов, профессор А.Халилаев, аға оқытушылар Б.Қуанышбаев, А.Асанов, Н.Қалиев, Б.Баєтов, Қ.Дүйсенов, Б.Абдукаримов, М.Кекилбекова, А.Қойшыбаев, Хатшы: PhD, доцент Б.Баймуханбетов

Күн тәртібінде: студенттердің кезекті XXXII ғылыми-теориялық конференциясының барысын талдау және үздік баяндама дайындаған студенттерді республикалық конкурста ұсыну.

Күн тәртібі бойынша сөз алған комиссия төрағасы, профессор Е.Сейдахметов сөз алып: 2024-2025 оқу жылында студенттердің ғылыми-теориялық конференциясына барлығы 15 студент қатысып баяндама жасады. Баяндаманың тақырыптары Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық ғылымына, оның ішіне білім беруде сауықтырудың инновациялық технологияларына және студенттерді кәсіби бағдарлау және бастапқы әскери дайындықтың актуальді мәселелерге арналған жұмыстар талқыланды. Студенттердің дайындықтары өте жоғары деңгейде болды.

Күн тәртібі бойынша сөз алған факультет деканы А.Рахымжанов конференцияның жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Студенттердің таңдаған тақырыптары өзекті екендігі, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, болашақ кадр ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік беретінін жеткізді.

Конференция 04.12-05.12.2024ж. аралығында болды. Қатысқан студенттердің баяндамалары жан-жақты талқыланып сұрақтар қойылды.

Бірінші болып, БӨД-411 тобының студенті Егемберді Ұлжалғас «Әлем халықтарының ұлттық ойындары» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Б.Ахмедов. Екінші БӨД-311 тобының студенті Әбутәліпұлы Мұса «Дене жаттығуларымен өз бетінше айналасу және өзіндік сабақтардың тиімділігі» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі профессор Е.Е.Сейдахметов. Үшінші БӨД-411 тобының студенті Бегман Зейнеп «Мүмкіндігі шектеулі балаларға дене шынықтыру сабағын өткізу ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі профессор А.Халилаев. Төртінші БӨД-313 тобының студенті Тұрсын Мерей «Болшақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің лидерлік сапасын арттыру» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі PhD, доцент Б.Баймуханбетов. Бесінші БӨД-311 тобының студенті Рысдаулетов Даулет «Жоғарғы оқу орындағы студенттердің денешынықтыру сабағындағы ұлттық ойын түрлерінің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Н.Қалиев. Алтыншы БӨД-211 тобының студенті Абдуходжа Қасиет «Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде білім беру мекемелерінің рөлі мен міндеттері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы полковник Б.Ж.Қуанышбаев. Жетінші БӨД-311 тобының студенті Жуматаев Саят «Wi-Fi дрондарының сигналдарын Raspberry Pi көмегімен өшіру құрылғысын әзірлеу» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы подполковник С.Т.Мамбеталиев. Сегізінші БӨД-412 тобының студенті Темірхан Ернұр «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Қ.Дүйсенов. Тоғызыншы БӨД-211 тобының студенті Сүлеймен

Олжас «Ұрыс техникалары мен қарулы және олардың ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы М.Кекилбекова. Оныншы ФҚӘ-311 а тобының студенті Баймұханбетова Алтынай «Дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық жолы» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы М.Кекилбекова. Он бірінші ФАГ-411 а тобының студенті Адилбекова Айсулу «Таэквондо спортының әдістерін дене шынықтыру сабағында пайдалану» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Б.Баєтов. Он екінші ЖИА- 311 тобының студенті Айтмырза Марал «Жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесінің рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы А.Қойшыбаев. Он үшінші ДӘД-311 тобының студенті Жақыпұлы Айбол «Балалар мен жасөспірімдер организмінің өсу және даму заңдылықтары» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы Р.Нарықбай. Он төртінші ДӘД-411 тобының студенті Әбдішәріп Сымбат «Салауатты өмір салтын қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі оқытушы Н.Орынбасар. Он бесінші ДӘД-313 тобының студенті Сұлтан Қазына «Мобильді әскерилендірілген роботты жобалау» тақырыбында баяндама жасады. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы подполковник А.Асанов.

Конференция соңында комиссия төрағасы профессор Е.Сейдахметов, комиссия төраға орынбасары Б.Ахмедов, комиссия аға оқытушы полковник Б.Қуанышбаев, аға оқытушы подполковник С.Мамбеталиев I, II, III орындарды ұсынды.



Қаулы: Комиссия мүшелері 6B01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық, 6B01404-Бастапқы әскери дайындық мамандығы студенттері XXXIII ғылыми-теориялық конференциясының қорытындысы бойынша үздік студенттерді төмендегіше ұсынады:

№	Берілген орын	Студенттің аты-жөні	Тобы	Жетекшісі
1	I – орын	Абдуходжа Қасиет Абдуманапқызы	БӘД-211	Аға оқытушы, полковник Б.Қуанышбаев
2	II – орын	Жуматаев Саят Мұсабекұлы	ДӘД-311	Аға оқытушы подполковник С.Т.Мамбеталиев
3	II – орын	Сұлтан Қазына	ДӘД-313	Аға оқытушы подполковник А.Асанов
4	III-орын	Егемберді Ұлжалғас	БӘД-411	Аға оқытушы Б.Ахмедов
5	III- орын	Адилбекова Айсулу	ФАГ-411 а	Аға оқытушы Б.Баєтов
6	III- орын	Әбдішәріп Сымбат Нұрмаханқызы	Дәд-411	Оқытушы Н.Орынбасар

Конференция соңында комиссия мүшелері студенттерге ғылыми-теориялық конференциясына осылай белсене атсалысаңыздар, алдағы уақытта, өмірде көп жетістікке жетесіздер деген сенім білдірді.

Комиссия төрағасы, профессор

Хатшы: PhD профессор м.а.

Е.Сейдахметов

Б.Баймұханбетов